

Бір жолғы талон құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 сәуірдегі N 82 шешімі. Ақтөбе облысының Байғанин аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 20 мамырда N 3-4-72 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 58 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 29.01.2013 № 58 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Заңының 36 бабы 6 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Хронометраждық зерттеу деректері негізінде бір жолғы талонның құны – 100 теңге болып белгіленсін. (Хронометраждық зерттеу деректері қоса жалғанды)

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қ. Сарқұл

Мәслихат хатшысы

Б. Турлыбаев